



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасының халық саны*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Халық статистикасы департаменті

### S.1.3 Байланыс адамының аты

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қ., Есіл ө. сол жақ жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,  
Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

k.rysbaev@aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 (7172) 74 93 43

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Халықтың саны туралы статистикалық деректер елдің халқы туралы маңызды ақпаратты қамтамасыз етеді. Ел халқының саны мен сипаттамалары туралы уақтылы ақпарат алу әлеуметтік-экономикалық дамуды жоспарлау және негізделген шешімдер қабылдау үшін алғышарт болып табылады. Халықтың саны туралы статистикалық деректер және оларды кейіннен талдау мен түсіндіру әлеуметтік-экономикалық жоспарлардың нысаналы көрсеткіштері мен орындалуын бағалауды белгілеу үшін маңызды мәнге ие.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

29.11.2021

### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

29.11.2021

### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

29.11.2021

## S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Қазақстан Республикасы халқының саны, жергілікті жердің типі, өңірлер бойынша, жыл басына, орташа жылдық. ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының stat.gov.kz интернет-ресурсында Негізгі / Әлеуметтік статистика / Демографиялық статистика / Жарияланымдар / Қазақстан Республикасы халқының саны (2023ж. басына)

### S.4.2 Жіктеу жүйесі

ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының stat.gov.kz интернет-ресурсында  
Негізгі / Жіктеуіштер / Статистикалық жіктеулер / Ұлттық / Әкімшілік-  
аумақтық объектілер жіктеуіші (ӘАОЖ)

- Жергілікті жердің типі бойынша анықтамалығы

#### S.4.3 Секторлық қамту

Ұлттық халық санағының қорытындылары, алдыңғы кезең басына саны,  
табиғи өсім, көші-қон сальдосы, әкімшілік-аумақтық өзгерістер

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Халық санының және құрылымының көрсеткіштерін есептеудің мақсаты  
тиімді әлеуметтік және экономикалық саясат жүргізу, елдің және  
өңірлердің даму бағдарламаларын әзірлеу үшін қажет халықтың саны  
және құрылымы туралы толық және анық ақпарат алу болып табылады.

Анықтамалары:

Халықтың жалпы өсімі (кемуі) – халықтың табиғи өсімі (кемуі) мен көші-  
қон өсімі (кемуі) арасындағы алгебралық сома;

Халықтың көші-қон өсімі (кемуі) – өңір аумағына белгілі бір кезеңде  
келгендер саны және оның шегінен тыс кеткендер саны арасындағы  
айырма;

Халықтың табиғи өсімі (кемуі) – белгілі бір кезеңге тірі туғандар саны мен  
өлгендер саны арасындағы айырма.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасының тұрақты тұрғындары.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Іріктемелі зерттеу өткізілмейді

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар  
қалалар, астана)

#### S.4.8 Қамту уақыты

2000 жылдан бастап 2023 жылдың басына дейін

#### S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылдың сәйкес сәтімен байланысты.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Адам

#### S.6 Есепті кезең

жыл

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010  
жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4.Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистикасы бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

5.Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистикасы бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

6.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

8.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы «21» қыркүйектегі № 134 бұйрығымен бекітілген Халық санының және құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.

9.Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 385/НҚ бұйрығымен бекітілген Деректерді басқару жөніндегі талаптар. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қазанда № 30186 болып тіркелді.

## S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Құпиялылық саясаты

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғау кепілдігі қамтамасыз етіледі.

2.Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3.ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

#### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8 бабының 5-тармағына сәйкес ұсынылған деректердің құпиялылығын және қорғалуын қамтамасыз ету.

2) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

#### S.9 Жарияланымдар саясаты

##### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі «Әділет» ҚР НҚА АҚЖ Эталондық банкінде еркін қолжетімділікте орналастырылған.

##### S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында «Негізгі» / «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

##### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында орналастыру арқылы бір мезгілде қолжеткізуге және сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға тең құқықтарын қамтамасыз етеді.

#### S.10 Тарату жиілігі

жыл

#### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

##### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары жарияланбайды.

##### S.11.2 Жарияланымдар

ҚР СЖРА ҰСБ stat.gov.kz интернет-ресурсында Негізгі / Жарияланымдар / Жинақтар / Қазақстанның демографиялық жылнамалығы;

-ҚР СЖРА ҰСБ stat.gov.kz интернет-ресурсында Негізгі / Әлеуметтік статистика / Демографиялық статистика / Жарияланымдар / Қазақстан Республикасы халқының саны (2023 жыл басына)

#### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесі / Демографиялық статистика / Халық саны / Кезең басына халықтың құрамы мен саны

##### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Жүзеге асырылмаған

#### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мемлекеттік статистика органдары барлық ресми статистикалық ақпаратты сәйкестендірілмеген нысанда алуға болады.

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалануға жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

#### S.11.5 Өзге де

##### S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Жүзеге асырылмаған

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросының stat.gov.kz интернет-ресурсында Негізгі / Әдіснама / Демографиялық статистика / Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы «21» қыркүйектегі № 134 бұйрығымен бекітілген Халық санының және құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.

Халық саны көрсеткіштерінің компоненттері келесі халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылады:

Халықтың табиғи қозғалысын статистикалық есепке алу жүйесі үшін қағидастар мен ұсынымдар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Нью-Йорк, 2015ж.

Халықаралық көші-қон статистикасы бойынша ұсынымдар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, 1998ж.

#### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1)ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2)Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

3)Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Демографиялық статистика бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

-бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.

-бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленді және енгізілді;

-статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық);

- «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді ұсыну тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

##### S.13.2 Сапаны бағалау

Халық саны көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын статистикалық әдіснамаға жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 301 бұйрығымен бекітілді.

Халық саны деректері 2021 жылы жаппай байқау әдісімен жүргізілген соңғы Ұлттық халық санағының қорытындыларына негізделген.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері



Ақпаратты пайдаланушылар: Тәуелсіз мемлекеттер достастығының Статистикалық комитеті, Еуропалық экономикалық комиссия, ҚР Ұлттық экономика министрлігі, ҚР Жоғары аудиторлық палата, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының Ұлттық шоттар департаменті, стратегиялық, реттеуші, іске асыру немесе бақылау функцияларын іске асыру процесінде есепке алу немесе өзге де деректерді жинауды жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқа да мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар.

#### S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын пайдаланушыларға ресми статистикалық ақпарат бойынша сауалнама жүргізіледі, ол ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының [stat.gov.kz](http://stat.gov.kz) интернет-ресурсында «Сауалнама» / «Пайдаланушылар сауалнамасы» бөлімінде орналастырылған.

#### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

#### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1 Жалпы дәлдік

Есепті жылдың 1 қаңтарына халық саны табиғи және көші-қон өсімдерін (кемуін), сондай-ақ өткен жыл ішінде болған әкімшілік-аумақтық қайта құрулар нәтижесінде халық санының өзгеруін есепке ала отырып, өткен жылдың 1 қаңтарындағы деректерге сүйене отырып анықталады. Есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$P(t+1) = P(t) + B(t) - D(t) + A(t) - V(t) + T(t),$$

мұнда:

$P(t+1)$  – есепті жылғы 1 қаңтарға халық саны;

$P(t)$  – өткен жылдың басына халық саны;

$B(t)$  – өткен жылы туғандар саны;

$D(t)$  – өткен жылы өлгендер саны;

$A(t)$  – өткен жылы Қазақстан Республикасының немесе оның өңірінің аумағына келгендер саны;

$V(t)$  – өткен жылы Қазақстан Республикасының немесе оның өңірінің шегінен тыс кеткендер саны;

$T(t)$  – шекараларының өзгеруі нәтижесінде өңір халқы санының өзгеруі. Бұл шама теңдеуде аумақ шекараларының кеңеюі немесе тарылуына байланысты қосу немесе шегерумен есепке алынады.

2022 жылдың соңына Қазақстан Республикасының өңірлері бөлінісіндегі халық саны

2022 жылдың соңына Қазақстан Республикасы халқының саны 19 766 807 адамды құрады. Оның ішінде қала халқы – 12 209 896 адам, ауыл халқы – 7 556 911 адам. Жыл ішінде халық саны 263 648 адамға немесе 1,35%-ке өсті. Оның ішінде табиғи өсім 270 370, ал көші-қон айырымы - 6 722 адамды құрады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1 Қамту қатесі

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Әкімшілік дереккөздің ұсыну мерзімінен бастап нәтижелерін өңдеп, жариялауға кеткен уақыт 110 күнді құрайды. Нәтижелері электронды кестеде жарияланады. Жариялану күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген. Жергілікті жердің типі және Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша халық саны туралы мәліметтер есепті кезеңнен кейін 110 күні жылдық негізде жарияланады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Жылдық деректер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады және таратылады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, жарияланым мерзімдері бұзылған жоқ.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Деректер өңірлердің уақыты бойынша өңірлер арасында салыстырылады.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Қазақстан Республикасының өңірлері және жергілікті жердің типі бойынша халық санының көрсеткіштері жөніндегі серпінді қатарлар 2000 жылдан бастап 2023 жылдың басына дейін. Осы серпінді қатарлар ҚР СЖРА ҰСБ-ның stat.gov.kz интернет-ресурсында Негізгі / Жарияланымдар / Статистикалық жинақтар / Демографиялық жылнамалық жылдар бойынша (Алдыңғы 5- 10 жылға серпін).

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Халық санының және құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі Еуропалық қауымдастықтың (Еуростат) статистикалық басқармасымен ынтымақтастықта дайындалған 2010 жылғы Халық және тұрғын үй қоры санағын өткізу бойыншы еуропалық статистиктер конференциясының ұсынымдарын ескере отырып әзірленген (Біріккен Ұлттар Ұйымы. Нью-Йорк және Женева, 2006 жыл).

S.18.2 Ішкі келісушілік

2018-2022 жылдар соңына қала және ауыл халқының үлесі

Графикте көрсетілгендей Қазақстан Республикасында 2018-2022 жылдары қала халқының үлесі тұрақты өсті. Халықтың урбанизациясы тек Қазақстанға ғана тән емес, жаһандық процес болып табылады.

2018 жылдың соңынан 2022 жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасы халқының саны 1371240 адамға немесе 7,5%, қала халқының саны осы кезеңде 1 511 688 адамға немесе 14,1%-ға өсті, ал ауыл халқы 140 448 адамға немесе 1,8%-ға азайды. Қала халқының үлесі 58,2%-дан 61,8%-ға өсті. Қала халқының өсуі урбанизацияға да байланысты.

S.19 Жүктеме

Деректер Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «электрондық үкімет» шлюзі арқылы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Халықты құжаттандыру және тіркеу» тіркеу пункті» қолданбалы бағдарламалық камтамасыз етумен интеграциясы жөніндегі 2019 жылғы 26 желтоқсандағы келісімі негізінде келіп түседі.

ҚР келуші және кетуші азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар тұрақты тұруға (бұдан әрі - ТТЖ) өтінішті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қалалық, аудандық көші-қон қызметіне тіркеуге алуға немесе тіркеуден шығаруға береді. Көші-қон қызметінің қызметкерлері тіркеу немесе тіркеуден шығару кезінде арнайы статистика органдарына арналған статистикалық есепке алу талонын электрондық нысанда толтырады. ҚР азаматтары бойынша мәліметтер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Халықты құжаттандыру және тіркеу пункті» ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі - ПМ ХҚЖТТ АЖ) Ұлттық статистика бюросының «Халықтың статистикалық тіркелімі» ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ҰСБ ХСТ АЖ) on-line режимде түседі. Шетелдіктердің келуі мен кетуінің статистикалық талондары (бұдан әрі – статталондар) ай сайын белгіленген мерзімде аудандық, қалалық статистика басқармаларына беріледі. Аудандық және қалалық статистика басқармалары, өз кезегінде, статталондардың дұрыс толтырылуын тексереді, қателер немесе толық емес мәліметтер анықталған жағдайда қосымша толтыруға қайтарады. Содан кейін статталондар облыстық статистика департаменттеріне беріледі, онда НАА бойынша деректерді кодтау жүргізіледі, электрондық базаға енгізіледі, логикалық және арифметикалық бақылауға тексеріледі. Бұдан кейін халықтың көші-қоны бойынша қалыптастырылған деректер базасы Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығына (бұдан әрі - ҰСБ АЕО) беріледі, онда республикалық деңгейде логикалық және арифметикалық бақылау, ағымдағы жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес деректерді редакциялау, өңдеу және халық санын есептеуге қолданылады.

Деректер Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «электрондық үкімет» шлюзі арқылы Қазақстан Республикасы СЖРА Ұлттық статистика бюросының «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Тіркелген халық тіркелімі» ақпараттық жүйесімен интеграциясы жөніндегі 2021 жылғы 14 маусымдағы келісімі негізінде келіп түседі.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі – ҚР Әділетмині) АХАЖ АЖ-нен туу және өлім туралы актілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ) ХТП АЖ-нен туу және өлім туралы медициналық куәліктер Бюроның ХСТ-не онлайн режимде түседі. Ай сайын есептік кезеннен кейінгі 10-күні ХСТ АЖ «АХАЖ жүктелімі» модулінен жүктелім талаптарына сай «Туу» және «Өлім» оқиғалары бойынша кестелер жүктеледі. Қалыптастырылған «Туу» және «Өлім» кестелері форматты-логикалық бақылауға және толықтығына тексеріледі. Мәліметтердің қате немесе толық еместігі анықталса, бұл жазбалар облыстық және қалалық статистика департаменттеріне әкімшілік дерккөздермен жұмыс жасауға беріледі. Содан кейін есептік кезеннен кейінгі айдың 25-күні пысықталған «Туу» және «Өлім» кестелері Бюроның Ақпараттық есептеу орталығына беріліп, ол жерде деректерді өңдеу және халық санын есептеуге қолданылады.

Табиғи өсім мен көші-қон сальдосы алдыңғы кезең басындағы халық санына қосылады.

## S.20 Деректерді қайта қарау

### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

2022 жылға ресми статистикалық ақпаратты ХТҚ жылдық базасының қайта қалыптастырылуына байланысты қайта жариялау болды.

## S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

### S.21.1 Бастапқы деректер

Халық саны көрсеткіштерін есептеу.

Елдің және оның өңірлерінің халық саны туралы ақпараттың негізгі дереккөзі ұлттық санақтарды өткізудің қорытындылары бойынша алынған деректер болып табылады. Санақ аралығындағы кезеңде елдің және оның өңірлерінің халық саны табиғи (туғандар және өлгендер туралы деректер) және көші-қон (тұрақты тіркелген жері бойынша келгендер және кеткендер туралы деректер) өсімі (кемуі) есебінен өзгереді. Тұрақты халықтың жалпы санын есептеу тұтастай Қазақстан Республикасы және оның өңірлері бойынша жүргізіледі. Есептеулерде әкімшілік-аумақтық қайта құрулардың нәтижесінде жекелеген өңірлердің халық санының артуы немесе қысқаруы ескеріледі. Жыл басына халықтың тұрақты санын ағымдағы бағалаулар ұлттық санақты жүргізу күнінен санақ жылының 1 қаңтарына келтірілген соңғы ұлттық санақты жүргізу қорытындылары бойынша алынған деректер негізінде есептеледі, оған жыл сайын туғандар мен Қазақстан Республикасының аумағына немесе өңірлеріне тұрғылықты тұруға келгендер саны қосылады және олардан қайтыс болғандар мен Қазақстан Республикасының аумағынан немесе өңірлерінен тыс тұрғылықты тұруға кеткендер саны шегеріледі.

### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Бастапқы статистикалық деректерді жинау Бюроның ХСТ АЖ-мен әкімшілік дереккөздердің (ҚР Әділетмині АХАЖ АЖ, ҚР ДСМ ТХТ АЖ, ҚР ІІМ КҚК) ақпараттық жүйелерін интеграциялау арқылы орталықтандырылып жүзеге асырылады.

### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректердің анықтығын тексеру үшін форматтық-логикалық бақылау қарастырылған. Деректерге талдау жүргізіледі.

### S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды

### S.21.6 Түзету

Халық саны туралы деректер кеш тіркелулерді ескере отырып нақтыланады.

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды

### S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру